



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 58 (8445) Сәрсенбі 1 маусым 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

ТАЗАЛЫҚТЫҢ ЕКІ АЙЛЫҒЫ ҚОРЫТЫНДЫСЫНДА

ЖҰМА-ТАЗАЛЫҚ КҮНІ БОЛЫП БЕКІТІЛДІ



Көктем мен күз келгенде жылғалар бітеліп, айнала ластанатыны айтпаса да белгілі. Табиғаттың тынысын ашу мақсатында барлық ауыл-аймақта тазалық жүргізіледі. Осыған орай, ағымдағы жылғы 1 наурыз бен 1 мамыр аралығында аудан аумағында қоғамдық орындарды абаттандыру және сыртқы безендіру екі айлығы жарияланған болатын.

Жұма күні аудан басшысы Мұратхан Шүкеевтің төрағалығымен өткен мәжілістің күн тәртібіне шығарылған көктемгі екі айлық кезінде атқарылған жұмыстардың орындалу барысы қорытындыланды. Аудандағы қоғамдық орындарды абаттандыру, көгеріштендіру және санитарлық тазалықты қамтамасыз ету бойынша көктемгі екі айлық кезінде атқарылған жұмыстар туралы аудан әкімдігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Р.Қойлыбаев баяндама жасады.

Алдымен аудан әкімдігінің қаулысымен құрылған 12 адамнан жасақталған штаб мүшелері жұмыс жоспарын бекітуден басталған тазалық айлығының барысы жөнінде жан-жақты мәлімет берген Рашид Абсатұлы көктемгі екі айлық жұмыстарға жалпы 55,9 млн. теңге бөлінгенін атап өтті.

Екі айлық жұмыстарына жалпы саны 20 470 адам қатысып, 16 000 дана тал-дарақ отырғызылса,

1 520 шаршы метр аумаққа – гүлзар, 550 шаршы метрге – көгал орналастырылыпты. Сондай-ақ 145 шақырым арық және каналдар мен 230 шақырым көшелер, 5300 шаршы метр саябақтар мен скверлер тазаланып, көріктендірілген және 712 тонна күл-қоқыс шығарылып, 208 адам ақылы қоғамдық жұмыстарға тартылған.

Тазалық айлығында әр аптаның жұма-сенбі күндері барлық ауылдық округтерде 9 мәрте

сенбіліктер ұйымдастырылыпты. Аудан орталығындағы мекеме, бөлімдер де аталмыш шараға атсалысып, нәтижесінде Сарыкемер ауылынан шығатын төрт бағыттағы жолдардың бойындағы талдарды бұтау-әктеу жұмыстары жүргізіліп, қосымша



ауыл көшелері мен Талас өзенінің бойы тазаланған. Аудан көлемінде тұрмыстық қатты қалдықтарды шығарумен айналысатын «Алди и К» ЖШС-і, «Таза ауыл» ЖШС-і, ЖК «Нұрзатов Ринат» жұмыстары да сөз болды.

Сонымен қатар, баяндамашы аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» мекемесіне үстіміздегі жылы «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша облыстық трансферттен 1 миллион 400 мың теңге бөлініп, жұмыссыз жастар және студенттерден құралған 30 жас жұмыспен қамтылғанын жеткізді.

Бұдан кейін Байзақ аудандық ішкі істер бөлімінің учаскелік полиция инспекторлары тарапынан әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 620, 505, 434 баптары бойынша азаматтарды жауапкершілікке тарту жұмыстары жүргізілгенін алға тартқан Р.Қойлыбаев осы бағытта атқарылған жұмыстарға да тоқталды. Осы бөлім тарапынан наурыз-сәуір айларында ауылдық округтердегі тазалық жұмыстарының өту

баяндамада ағымдағы жылы аудандық мәндегі автомобиль жолдарының және елдімекен көшелерінің орта жөндеу жұмыстары, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, «Жасыл белдеу» бағдарламасының орындалу барысы да сөз болды.

Жарыссөзге шыққан Темірбек ауылдық округінің әкімі А.Әміров, Үлгілі ауылдық округінің әкімі Д.Мәдешовтер өз аймақтарында тазалық айлығы барысында атқарылған жұмыстар жөнінде хабарлама жасады. Күн тәртібіндегі мәселеге қатысты мәжіліс қатысушылары үстіміздегі жылдың бірінші қыркүйегіне дейінгі мерзімде тазалықты сақтау мақсатында әр аптаның жұмасы тазалық күні болып белгіленіп, тиісті жұмыстарды ұйымдастыру туралы бірауыздан қаулы қабылдады.

барысы зерделеніп, біршама кемшіліктер анықталған. Аталмыш кемшіліктер штаб отырысында қаралып, хаттамалық тапсырмаларға сәйкес бір апта мерзімінде жойылып, қалпына келтірілген.

Сондай-ақ осы күнгі әкімдік мәжілісінің күн тәртібінде бірқатар мәселелер қаралып, олардың әрбіріне қатысты қаулылар қабылданды.

Б.ЖАҚСЫМБЕТОВ,
«Ауыл жаңалығы».

ТАРИХТАН-ТАҒЫЛЫМ, ӨТКЕНГЕ-ТАҒЫМ

КЕШЕ, АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫНА ОРНАТЫЛҒАН ҚҰЛЫПТАС МАҢЫНДА ЖИЫН ӨТТІ.

Жиынға қатысушылар Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алды. «Байзақ баба» мешітінің бас имамның көмекшісі А. Көшербаев зұлматтың құрбандарына арнап құран бағыштады.

Жиын соңында құлыптасқа гүл шоқтары қойылып, тағзым етілді.

Мұнымен қатар ауылдық кітапханаларда “Зұлмат жылдар”, “Жазықсыз жапа шеккендер” тақырыптарында кітап көрмелері ұйымдастырылып, арнайы бұрыштар ашылды. Ұлттық мәдени орталық өкілдерімен кездесу өткізілді.

АНЫҚТАМА ҮШІН:

Жаппай қуғын-сүргін ешқандай



сотсыз, “айрықша кеңес”, “алқа”, “үштік”, “екілік” дегендер арқылы жүзеге асырылды. 1921-1954 жылдары Кеңестер Одағында 3 миллион 770 адам қуғын-сүргінге ұшырап, оның ішінде 2 миллион 300 мыңы қудаланып, 643 мыңы атылған. Қалғаны 25 жылға сотталған. Қазақстанда екі миллионға жуық қазақ ұлтының өкілі немесе 42

пайызы қолдан жасалған ашаршылық құрбандығына айналды. Осы жылдары елімізден 103 мыңнан аса қазақтың тағдыры тәлкекке түсіп, 25 мыңға жуық адам атылды.

Тарихтың ең бір қанқұйлы кезеңінде ауданымыздан шыққан қоғам қайраткерлері Жақаш Мамыров, Сыдық Абланов, Намазбай Ақшабаевтар “халық жауы” деген жаламен атылды.

Тәуелсіздігіміз қазақ халқының сан ғасырлар бойы күресімен, азаттыққа ұмтылған қайсарлығымен келді. Егемендіктің арқасында жазықсыз қараланған ұлт қайраткерлері ақталып, есімдері ортамызға қайта оралып, рухтары елімен қауышты. Сондықтан тарихтан тағылым, өткеннен сабақ алудың, бүгінгі бейбіт күнді қастерлеп, тәуелсіздікті тұғырлы етудің, сондай-ақ, елінің ертеңі үшін құрбан болған арыстар рухына тағзым етудің маңызы зор.

Өз тілшіміз.

БАСПАСӨЗ-2016

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАҢДАР!

«АУЫЛ ЖАҢАЛЫҒЫ» - ауданымыздың саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени өміріндегі жаңалықтарды, ана тілімізді, мәдениетіміз бен өнерімізді кеңінен насихаттайтын, туған жердің мәртебесін биіктеткен ел азаматтарының өнегелі істерін ұлықтайтын, тәуелсіз еліміздің, ауыл-аймағымыздың қол жеткен табыстары мен алған асуларынан жан-жақты мағлұмат беретін басылым.

БАСЫЛЫМҒА 2016 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСУДА

Газетке жазылу бағасы:

Жеке (тұлғалар)

жазылушылар үшін:

бір жылға – 3430 теңге 32 тиын;

алты айға – 1715 теңге 16 тиын.

Мекеме, ұйымдар

(заңды тұлғалар) үшін

бір жылға – 3830 теңге 28 тиын;

алты айға – 1915 теңге 14 тиын.

Газеттің индексі: 65000

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҰЛҒАЛЫ ПЕРЗЕНТТЕРІ


Бабалар өмірі өнеге

С.ЕРМЕКОВ,
аудандық ардагерлер кеңесі
төрағасының орынбасары.

Сеңкібай батыр бабамыз туралы жастайымыздан көнекөз қариялардан естіп, ол кісінің жоңғар шапқыншылығындағы ерліктері, қаздырған каналы жөнінде біліп өстік. XVIII ғасырдың басында өмірге келіп, сол ғасырдағы қазақ халқының басынан өткен қиыншылықтардың бел ортасында жүріп жерін, елін қорғаған батыр екендігін білеміз.

XVIII ғасырда халқымызда жазба әдебиеті дами қоймаған, керісінше ауыз әдебиеті кең тараған кезең еді. Осы тұста жоңғар басқыншыларынан елін азат етуде ел билеген Абылайхан жөнінде, халықтың бірлігін ойлаған халықты жауды жеңуге жұмылдырған атақты билер Төле, Қазыбек, Әйтеке және ел қорғаған батырлар жөнінде толғауларын жазып, қазақтың бетке ұстар тұлғаларының есімін тарихта қалдыру жолында көп еңбек еткен Бұқар жырау Қалқаманұлы екендігі белгілі. Бұқар жырларында Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, Шапырашты Наурызбай сынды қолбасшылармен қатар Сеңкібай батырдың да есімі аталды. Елімізге белгілі ф.ғ. докторы, ғалым Балғабек Қадірбекұлы архивтерді қазбалар жүріп Бұқар жыраудың замандасы этнограф-тарихшы шапырашты Қазыбек Тауасарұлының «Түп-тұқианнан өзіме шейін» деген еңбегін тауып, 1993 жылы «Жалын» баспасынан қайта бастырып шығарған. Кезінде бұл еңбек ғылыми кеңесте біраз талқыға түсті. Шын мәнінде құнды тарих еңбек екендігі дәлелденді. Осы кітапта Қазыбектің Бұқар жыраудың өз аузынан жазып алған бірнеше өлеңдерін келтіреді. Осы өлеңдерде көптеген батырлардың аты аталады. Солардың ішінде Сеңкібай мен Шойбек батырлар бар.

Қазақтың төбе биі Төле биден тәлім-тәрбие алған Сеңкібай жаратылысынан зерек болып өседі. Ол алғаш рет жоңғарларға қарсы күресте Аңырақай шайқасында батырлығымен көзге түседі. Бұл кезде оның жасы 20-ға жетпеген



де еді. Бұқар бабамыз жырға қосқан Сеңкібай батырдың аты Таусарұлының кітабы арқылы кейінгі ұрпаққа кеңірек танылды. Бұл кітапта Сеңкібайдың Төле бидің жанына еріп, жауға қарсы қол жинап, халықты жаудан азат етуге үндеп жүргені, сонымен қатар жекпе-жек шайқастарға шығып, жауды жеңіп шыққандығы, соғыс өнеріне ерте үйреніп, майдан даласында ерліктерімен ерте танылған қолбасшылардың бірі екендігі айтылады. Қаз дауысты Қазыбек би қайтыс болғанда оның қыркына Жетісудан барған тарихи тұлғалардың арасында Сеңкібай мен Шойбекте болған екен. Осы бір деректер өз заманында Сеңкібай ерліктерін ел танығанын көрсетеді.

Атақты ақын Майкөт Сандыбайұлының өмірін зерттеген белгілі ғалым, қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков 1990 жылы басыпадан шығарған «Асыл-арналар» атты әдеби мақалалар жинағында Майкөт ақынның 30-дар шамасындағы кезінде «Әулие-ата» іргесіндегі Кіші Бурыл етегіндегі Сеңкібай, Бүркітбай ауылына қоныс тепкендігі айтылады. 1902 жылы сол жерде дүние салды.

Сеңкібай бидің әділ би болғандығы жөнінде де көптеген оқиғалар сақталған. Белгілі жазушы Ә.Жылқышевтің «Дауылдан кейінгі жорық» атты кітабында ағайынды екі ел арасында кісі өлімі болып бітіспес дауға айналады. Осы жағдайды естіген Сеңкібай би дулат балалары түгел басқосқан жерде екі әулеттің басын қосып, билік айтып, татуластырады. Көнеден бізге жеткен аңыз жыр-толғаулардан ұғатынымыз – Сеңкібай батыр өжеттігімен даңқы шыққан батыр ғана емес, дау-дамайларға, айтыс-тартыстарға төрелік айтқан шешен, елдің береке-бірлігінің, татулығының ұйытқысы, алдынан атты кісі көлденең өтпейтін айбарлы адам болған.

Белгілі журналист Бақтияр Әбділдаұлы-тарихи тақырыптарға зерттеулер жүргізген белгілі азамат. Ол кісінің зерттеулерінде Сеңкібай бидің ел ішіндегі мал дауын, ұрыс-жанжалдарға тапқырлықпен билік айтып әділ би болғандығын кейінгі ұрпаққа жеткізудегі еңбегі аз емес. Әрине Сеңкібай бидің бұл бағыттағы еңбектері

толығымен зерттелмегені белгілі. Ол кісінің шешендік, билік, нақыл сөздері болашақта табылып оның өмірбаяны толығы түседі деп ойлаймыз.

Тағы бір тың дерек – Сеңкібай 34 жасында Қарабақыр-Шөлке аймағына қоныстанып отырған бір рулы елге аға би болады. Өзінің туысы Төле биден үнемі кеңес сұрап отырады. Төле би Сеңкібайға қоныстанып отырған жерінің сулы, нулы, құнарлы жер екендігін егістіктерді суландыратын арықтар қазып, су жүйелерін жасаңдар деген ақыл айтады. Ел жақсыларымен ақылдаса келе диханшылықпен айналысуға уағдаласады. Сөйтіп Талас өзенінің Тектұрмас тұсынан ұзындығы 32 шақырым үлкен арық қаздырады. Олар бұл күндері Сеңкібай каналы деп аталады. Даңқты батыр билік құрып отырған тұста халқының көкірегі ояу, көзінің ашық болуын, көрші елдермен сауда қатынастарын жасауын қалаған. Өзі бас болып Әулиеата шаһарында шайхана, мешіт-мдресе салдырады. Сеңкібай батырды зерттеген еңбектерден белгілі болғаны, ол кісінің жан-жақты көзі ашық тарихи тұлға болғандығына көз жеткіземіз. Осындай зеттеулер Сеңкібай батыр туралы атақты ақындар Сүйінбай, Майкөт, Жамбыл жырларында айтылып отырады. Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагері Сеңкібай батырдың тікелей ұрпағы, марқұм Әмзе Мәдібекұлы Момбаев ағамыз хас батыр туралы көп деректер жинақтаған. Әмзе ағамыздың жинақтаған еңбегімен танысқан адам тек қана Сеңкібай баба жөніндегі деректермен танысумен шектелмей, сол замандағы ерекше оқиғалармен таныса алады.

Иә, қазақ тарихы әлі түгелделіп біткен жоқ. Сол секілді еліміздің тарихы өз заманында елін қорғаған Сеңкібай бабамыз сияқты батырлардың дерегімен толығы түсетін болады деп сенеміз. Сеңкібай батырдың осы уақытқа дейінгі зерттелген өмір жолының өзі ол кісінің қазақ тарихында өз орны бар тұлға екендігін дәлелдеп отыр. Осы жағдайлар ескеріліп Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі төрақасының 07.10.1993 жылы № 2410-ХІІ қаулысымен бұрынғы «Еңбек» ауылы «Сеңкібай» ауылы болып аталды. Айтайын дегенім, ендігі жерде Сеңкібай ауылының орталығына жас ұрпаққа тәрбиелік мәні үлкен лайықты ескерткіш орнатылып, жерленген жеріне кесене тұрғызылса батыр бабаның алдындағы ұрпақтарының парызы орындалар еді.

Тәуелсіздік-ұлы байлық

Қ. ЖҰМАНОВ,
Бәйтерек ауылдық округі әкімінің орынбасары.



Тәуелсіздік-басты байлық. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері 25 жылда қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени өмірімізде қол жеткізген табыстар ауқымды. Елбасымыз Н. Назарбаевтың бастамасымен іске асып жатқан сан алуан іргелі жобалар мен бағдарламалар өз жемісін беруде. Елбасымыздың “Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім. реформалар. даму” атты дәстүрлі Жолдауы мен “Ұлт жоспарында” елімізде жүзеге асырылатын іс-шаралардың басым бағыттары айқындалып, алда тұрған асқаралы жаңа міндеттер белгіленді.

Бүгінгі таңда жер жаһанды жайлаған дағдарыс “Біріміз-бәріміз үшін, бәріміз-біріміз үшін” деген қағиданы берік ұстанып, қоғам, ел игілігі үшін еңбек ету маңызды.

Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы-ұлық мереке. Осы жылдар ішінде қазақ елінің алған асуы мен шыққан биігі аз емес. 1997 жылы “Қазақстан-2030” стратегиялық бағдарламасында еліміздің тұтастығы, қауіпсіздігі, халықтың әл-ауқаты сияқты өзекті мәселелермен қатар Қазақстанның индустриялық-инновациялық елге айналуы керектігі атап көрсетілген еді. Аталмыш стратегиялық бағдарламаны мерзімінен бұрын жүзеге асыра алдық. Енді бүгінгі таңда “Қазақстан-2050” стратегиясын іске асыруға кірісуіміз.

Ұлы Дала елі болу-Елбасының ұлы арманы. Жапондар өздерін Күншығыс еліміз десе, қытайлар өздерін Аспанасты еліміз деп жатады, ал біз Ұлы Дала еліміз. Қазақстан-қазақ халқының тарихи атаконысы. “Қазақтың тарихы өте бай. Қазақтың көп дүниелері атадан балаға ауызекі түрде беріліп келген. Біздің елдігіміз, қазақ жұртымыз арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп хандық дәуірлерге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі. Осындай үлкен тарихымыз бар. Жастарымыз мұны білуі керек. Біз кеше ғана пайда болған халық емеспіз” деп Елбасымыз айтқандай, халқымыздың өткен тарихына көз жүгіртсек, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы тәуелсіздікті аңсап, сол жолда күрескендігін көрсетеді.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы-әлемге танылған алып мемлекет. 140-тан астам ұлт өкілдері тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқан көпұлтты елміз. Тәуелсіздіктің туы астында егемен еліміз өсіп өркендеп келеді. Ендігі жерде ел тәуелсіздігін тұғырлы ету, ел тыныштығын бағалай отырып, “Мәңгілік Ел” идеясын іске асыру жолында еңбек ете берейік дегім келеді.

В большой семье КАЗАХСТАНА

Н.ШИН,
председатель ОО «Единство».

Ежегодно наше общественное объединение «Центр культуры народов «Единство» совместно с районным отделом образования проводит конкурсы среди учащихся средних школ района. В этом году эти конкурсы посвящены 25-летию Независимости Казахстана.

Один из них недавно прошёл в средней школе имени Ю. Гагарина. Танцевальный конкурс «Хоровод дружбы» удивил всех разнообразием народных танцев, красочными, нарядными национальными костюмами, отличной хореографией. Жюри высоко оценило русские танцы малышей Бурыльской и средней школы имени Ленина, немецкий танец - средней школы села Дихан, корейский танец - кружка корейской культуры «Мир» и турецкий танец - школы-гимназии имени Г. Муратбаева. Хорошо были встречены танцы молодого талантливого хореографа школы-гимназии имени Г. Муратбаева Э.Калиевой, создавшей три красивые постановки: турецкий, греческий и корейский танцы.

В Центре общественного согласия также был проведён конкурс на лучшее изготовление кукол в национальных костюмах. Дети потрудились на славу. Их замечательные поделки теперь будут украшать выставочные уголки нашего центра.

Большую помощь в организации конкурсов проявили: активный член ОО «Единство», председатель первичной партийной организации «Жарык тарату», директор средней школы имени Ю. Гагарина Ш.Байтакова, которая, несмотря на свою занятость, проявила оперативность и душевный подход к делу; методист районного отдела образования акимата района Л.Бабаева, преподаватели детско-юношеского центра и художественной школы.

Благодаря таким конкурсам дети нашего района приобщаются к культурному наследию большой семьи этносов Казахстана.

ЖЕР ТАҒДЫРЫ-ЕЛ ТАҒДЫРЫ

Инвесторлар ауадай қажет, бірақ...

Саха МАНАТОВ,
«Манат» шаруа қоғамының басшысы.
Жер реформасы бойынша комиссияның мүшесі.

Бүгінде Жер реформасы біз үшін ең үлкен мәселе болып отыр. Жер – халықтың қазынасы, бабадан қалған мұра. Әйтседе неге оны кейінгі ұрпақ тиімді пайдаланып, мемлекетке, халыққа пайда келтіріп, игілігін көрмей отыр. Елімізде бос жатқан жерлер көп. Бірақ, оның құнарлылығы төмен. Пайдаланылып жатқан жеріміздің де сапасы нашарлап, жылдан-жылға азып-тозып барады. Ал оны қалпына келтіру, жаңа технологиямен игеру үлкен қаражатты қажет етеді. Ондай қомақты қаражатқа кез-келген адамның шамасы келе бермейді. Қысқасы, шаруаның банкке кепілдікке қойып қаражат алуға да еш мүмкіндігі жоқ. Сондықтан да, бізге сырттан инвестиция тарту қойайлы. Қолайлы ғана емес, ол ауадай қажет.

Негізінен, жердің қадірін тек жермен айналысып жүрген азаматтар жақсы біледі. Менің агросалада жүргенім біршама жыл болды. Көкөністерді жылыжайда өсірумен қатар, қант қызылшасын егумен да айналысамын. Айтайын дегенім – қант қызылшасын егетін жерімің құнарлылығын арттыруым үшін 1 гектар жерге 50 тонна минералдық, органикалық тыңайтқыш және басқа да қажеттіліктер керек. Осы мәселе бойынша және жаңа технологияны енгізу, жылыжайдың ауқымын кеңейту мақсатында ойымды жүзеге асырмаққа ниеттеніп едім. Бар мәселе қаржыға келіп тіреле берді. Сосын Түркиядан инвестор тартпақшы болып келісім жүргізіп жатқанымда, Президентіміз Жер туралы кодекске енгізілетін өзгерістерге байланысты мораторий жариялап, әзірге жоспарымды жүзеге асыру мүмкін болмай қалды. Уақыт болса өтіп барады.

Мен жермен тікелей айналысатын адам болғандықтан, оны шетелдіктерге жалға беруді қолдаймын. Бірақ шетелге жалға берілген жер міндетті түрде мемлекеттің бақылауында болуы қажет. Сонымен қатар, инвесторлар елімізге 25 жылға келсе, мемлекет олармен бастапқы 10 жылда жүзеге асыратын жұмыстары жөнінде жоспар бойынша шарт жасасуы қажет. Егер олар 10 жыл ішінде үдеден шыға алмаса, еліне қайтару мәселесін қарастыруымыз керек. Бұл жеріміздің талқандалып кетпеуіне, оны дұрыс пайдалану туралы талаптардың орындалуына мол мүмкіндік береді. Сосын бізге келген инвесторлар өздерімен бірге тек білікті мамандарын ғана алып келуі керек. Ал негізгі жұмысшылар жергілікті жерден болса, бұл тұрғындардың жұмыссыз қалмауына септігін тигізеді елі.

Негізі, жалға берілетін жерлерді Қазақстан азаматтарының сатып алуына мүмкіндік берілуін дұрыс деп есептеймін. Өйткені, жер сатып алған адам оны баласына мирас ретінде қалдыратын болғандықтан, оған шынайы көзқараста көңіл бөліп, күтіп-баптайды әрі жерге сұраныс артып, бос жатқан жердің қажеттілігі арта түседі. Сонымен қоса, Қазақстан азаматтарына сатып алған жерін банкке кепілдікке қойып, несие алуына мүмкіндік туады.

Мен жер реформасы бойынша құрылған комиссияның мүшесі болғандықтан, оның әрбір отырысында осы тектес мәселелердің бірін қалдырмай қозғалдым. Ол жерде мен секілді комиссия мүшелері Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі азаматтардың ұсыныс-тілектерін жеткізіп, талқыға салуда. Өйткені, ол мемлекетіміздің тағдырына, халқымызға қажет дүние.

БАЛАЛАРДЫ ҚУАНТТЫ

Бала-өмірдің гүлі, көңілдің нұры. Көп баллы отбасыларға мейірімділік таныта отырып, қолдау көрсету-сауапты іс саналады екен.

1 маусым-Халықаралық балаларды қорғау күніне орай аудандық соттың төрағасы Д.Тасыбаевтың ұйытқы болуымен көп балалы отбасыларға қайырымдылық көрсетілді. Атап айтқанда, Дәулет Еркебекұлымен кенсе меңгерушісі А.Узбекова бастаған қызметкерлер аудан орталығында тұратын М.Бекиеваның отбасында болып, бүлдіршіндерге сый-сияпаттарын тарту етті.

Қайырымдылық шарасы аясында Дәулет Еркебекұлы отбасында өсіп жатқан бүлдіршіндерді төл мерекесімен құттықтап, жақсы білім, өнегелі тәрбие алып, еліміздің білімді азаматы болып өсуіне тілектестігін білдірді. Өз кезегінде балғындардың әжесі Майра апай алғысын айтып, ел игілігі жолында тер төгіп жүрген азаматтарға табыс тіледі.

Өз тілшіміз.



Ардагерлердің айтары көп

А.ШОТБАСОВА,
«Ауыл жаңалығы».

Ардагерлер – алып шыңдар. Тағдырдың талай соқпағын көріп өскен аға буын өкілдерінің қаз ұрпақ тәрбиесіндегі орны ерекше. Өткеннен қорғанып, бүгінгіні бағамдай блуды ақыл болашаққа үлкен сеніммен қарауда бақыл-кеңестерін айтып, бағыт-бағдар беретін ата-апаларымыздың өмірі кейінгілерге ұлт.

Аудан жастарының өнегелі болып өсіп-жетілуіне аудандық ардагерлер кеңесінің де қосып келе жатқан үлесі қомақты. Сонымен қатар, қоғамдағы түрлі маңызды тақырыптарға талқылап отыратын қазыналы қариялар тұщымды ойлар тастап, түйінді пікірлерін білдіреді.

Өткен аптада ардагерлер қауымы өзара бас қосты. Ауданымызға қарасты Суханбаев ауылдық округінің әкімшілігінде өткен аймақтық семинар-кеңеске Дихан, Түймекент, Суханбаев, Жанатұрмыс ауылдық округтері ардагерлер кеңестерінің төрағалары, кенес мүшелері, тұрақты комиссия мүшелері, ардагерлер бастауыш ұйымының алқа мүшелері қатысты. Келелі жиынды аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы К.Бесбаев ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Атап айтар болсақ, бұл күні ауылдық округ ардагерлер кеңестерінің ауыл тұрғындары арасындағы әлеуметтік мәселелердің онды шешілуіне және ауыл жастарын ұлттымыздың салт-дәстүріне сай тәрбиелеудегі атқарылып жатқан жұмыстары сөз болды. Сонымен қатар, Елбасының жыл сайынғы халыққа

Жолдауларын, «100 нақты қадам» - Ұлт жоспарын ауыл тұрғындары арасында түсіндіруде аға буын өкілдерінің ықпалы, егістік жерлерді тиімді пайдалану мақсатында майда шаруашылықтарды біріктіру бойынша қолға алынған шаралар әңгімеленді.

Бұл бойынша сөзге шыққан Суханбаев ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Ж.Момбаев, осы ауылдағы мешіттің имамы Б.Іскендіров, Жақаш, Көкөзек, Қарасу бастауыш ұйымдарының төрағалары Т.Атқашев, Ш.Әмірханов, Б.Байтеевтер өз елдімекендеріндегі онды істерді ауызға алып, оның әрбірінде ақсақалдардың үлесі бар екендігін тілге тиек етті. Ауыл тарихын жинақтап, жастарға ұсыну, тазалықты сақтау, тұрмыстық жағдайы төмен отбасыларға көмек көрсету, ұл-қыздарға патриоттық тәлім-тәрбие беру сынды мәселелер де семинар-кеңесте баса айтылып өтті.

Семинар-кеңесте ардагерлер қауымы тарапынан жер мәселесі, оны тиімді пайдалану, Елбасының жерімізді көздің қарашығындай сақтаудағы еңбегі, жер заңнамасының кейбір баптарына енгізілген мораторий жөнінде пікірлер тыңдалды.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы К.Бесбаев, аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары С.Ермеков, Түймекент ауылдық ақсақалдар алқасы төрағасының орынбасары К.Ақназаровтар жер – ел байлығы екендігін айтып, жерді өз мақсатына сай пайдаланудың маңызын сөз етті. Ой-пікірлерін өзге де қатысушылар білдірді.

Сонында күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қаулы қабылданып, қариялар ауыл мектебінің алдындағы Ақәділ Суханбаевтың бюстіне гүл шоқтарын қойып, ерлігіне тағзым етті.

РАҚЫМ АЙЫ – РАМАЗАН ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Ержан қажы МАЛҒАЖЫҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Құрметті мұсылман бауырлар, отандастар! 2016 жылдың 6 маусымы – қасиетті Рамазан айының бірінші күні! Баршаңызды қасиетті Рамазан айына аман-есен жеткізген Алла Тағалаға сансыз шүкірлер болсын. Сіздерді мұбақ Рамазан айының келуімен құттықтаймын!

Рамазан – он екі айдың сұлтаны, берекелі де кешірімі мол ай. Күнделікті тіршілік қамымен жүретін пенденің жүрегіне бұл айда иман нұры құйылады. Өйткені, ораза адамды тақуалыққа тәрбиелейді. Сабырлық, қайырымдылық, мейірімділік, бауырмалдық секілді адамдық асыл қасиеттер артып, иман күшейеді. Адамның иманы күшейген сайын арсыздықтан арыла бастайды. Рамазан – Алланың мейірімі төгіліп, жұмақтың есігі айқара ашылатын, иманды күшейтуге мүмкіндік берілген берекелі ай. Бұл – Жаратушы Иеміздің ұлы сыйы әрі нығметі.

Сауаптар еселеніп жазылатын айда жасалған қайырлы істің қайтарымы адам баласы үшін құпия-сыр. Тіпті, ауыз бекітушіге берілетін сый мен сауап, құрмет пен марапат пайғамбарлар мен періштелерге де белгісіз.

Құдси хадисте Алла Тағала: «Ораза – тек Мен үшін. Оның сыйын (сауабын) Өзім ғана беремін...» – деп оразаның қадірі мен қасиетін, мәні мен маңызын баяндаған.

Шарапаты мен шапағаты мол айда күнәлі істерден бас тартып, сауап жинауға, ішкі дүниемізді тазартуға, Жаратушының разылығына бөленуге асығайық!

Рамазанның қадірін жақсы түсінген сахабалар оразаға алты ай қалған сәттен бастап: «*Рабымыз, бізді Рамазан айына аман-есен жеткізе ғор!*» – деп дұға еткен. Пенденің осы айда ұстаған оразасы, қосымша құлшылықтары, өзгелерге жасаған қайырымдылығы, барлық сауапты амалдары еселеніп жазылады.

Ораза – күндіз тек ішіп-жеуден өзін шектеу деген сөз емес. Ораза – рухтың азығы, тәңнің шипасы. Рамазан жан мен тәнді рухани тазартатын, мұсылман үшін үлкен сабыр мектебі. Аузы бекіткендер әлеп білмес пенделердің өзіне жасаған кейбір оғаш іс-әрекеттерін көріп, тұрпайы сөздерін естісе де: «Мен оразамын», – деген бір ауыз сөзбен нәпсісіне тоқтау салып, сабыр сақтайды. Ал сабыр иесіне берілетін сый – жәннат.

Денсаулығына байланысты немесе кәрілік жетіп ораза ұстауға шамасы жетпеген адамдар ауыз бекіткен кісілерге ауызашар берсе, ол да – үлкен сауап. Пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын): «Алла Тағала ең болмаса бір түйір құрма, тіпті бір ұрттам сумен болса да қамқорлық жасағанға сауап жазады...» – деген.

Был маусым-шілде айларына түспа-түс келген Рамазанда ауыз бекітуге күннің ыстығы кедергі келтірмейді деп сенеміз. Себебі, оразаның рухани дәмін татқан жан Алланың теңдессіз сыйынан шет қалғысы келмейтіні хақ.

Рақым айы – Рамазан құтты болсын! Қасиетті айда ұстаған оразамыз, жасаған дұға-тілектеріміз, құлшылық-ғибадаттарымыз, әрбір қайырлы амалдарымыз қабыл болғай! Алла Тағала отбасымызға амандық, жұмысымызға береке-бірлік нәсіп етпей!

Тәуелсіздігіміз бәуімді, еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! Әумин!



Жалпыға ортақ еңбек қоғамы



ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗ БОЛУЫ ҚАЖЕТ

Серғали АЙДАПКЕЛОВ, облыс әкімдігінің еңбек инспекциясы басқармасының басшысы – облыстың бас мемлекеттік еңбек инспекторы.

Мемлекет басшысы белгілеген бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша “100 нақты қадам” – (83 қадам еңбек қатынастарын ырықтандыру) Ұлт жоспарын жүзеге асыру шеңберінде елімізде 23. 11. 2015 жылы жаңа Еңбек кодексі қабылданып, 1 қаңтарынан қолданысқа енді.

Жаңа Еңбек кодексінің тұжырымдамалық тәсілдері халықаралық тәжірибеге, оның ішінде, бірінші кезекте құрамына кіруді Қазақстан таяудағы перспективада жоспарлап отырған Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің, тәжірибесіне сүйене отырып, еңбек заңнамасын ырықтандыру міндеттеріне негізделді.

Қабылданған Кодекс жұмыс беруші мен қызметкерлер арасындағы еңбек қатынасы саласына мемлекеттің араласу шеңберлерін нақты анықтап алу және тараптардың тең болуын қамтамасыз етуді есепке ала отырып, еңбек қатынастары субъектілерінің ролі мен жауапкершілігін бөлуі нақтылады.

Мемлекет өз тарапынан қызметкерлерге базалық кепілдіктер мен отемәкілдерді төменгі еңбек стандарттарын, негізгі құқықтары мен міндеттерін белгілеп, олардың жұмыс берушілер тарапынан орындалуына қатаң бақылау жүргізеді.

Бұл ретте, төменгі әлеуметтік стандарттар еңбек бостандығына, қауіпсіздік және гигиена талаптарына жауап беретін еңбек жағдайларына, қандай да бір кемісуісз еңбекі үшін сыйақыға әрбір азаматтың еңбекке қатысты конституциялық құқықтарын толық көлемде қамтамасыз етеді.

Жұмыс беруші мен қызметкерлердің арақатынастары ұжымдық келіссөздер және олардың арасындағы келісімдер мен шарттар арқылы жасалатын болады.

Зандарымыздың қатаңдығы немесе икемділігі инвесторлар үшін ғана емес, ең алдымен, жұмыс орындарының және халықты жұмыспен қамтудың көзі болып табылатын біздің кәсіпорындарымыз үшін де маңызды. Сол себепті, Кодекске бір жағынан жұмыс берушілер үшін белгілі бір көлемде жұмысқа жалдау, кадрлық көтеру, жұмыстан босату, қызметкерлердің еңбек жағдайлары мен еңбегіне ақы төлеуді анықтау рәсімдері жеңілдетілді, екінші жағынан, қызметкерлердің базалық еңбек кепілдіктері мен құқықтары белгіленіп, оларды жеке, ұжымдық шарттар мен келісімдер арқылы кеңейту мүмкіндігі қарастырылды.

Осылайша, өз дәрежесінде дамымай келген ұжымдық шарттар мен келісімдердің ролі едәуір артуда тиіс.

2014 жылы қабылданған «Кәсіптік одақтар туралы» жаңа заңды ескере отырып, жаңа Кодекс қызметкерлердің құқығы мен мүдделерін қорғау, ұжымдық келіссөздер жүргізу мәселелерінде кәсіподақтарды (қызметкерлер өкілдерін)



процесті, еңбек құқық қамтамасыз ету және қызметкерді жұмысқа орналастыруды тұрақтандыру мақсатында әкімдіктер, жұмыс берушілер және кәсіподақтар арасында 60453 жұмысшыларды қамтитын 2380 кәсіпорындарда меморандумдарға қол қойылды.

Жоғарыда көрсетілген ұшжақты ынтымақтастықты және әлеуметтік үндесуді нығайтуда және кәсіподақтар мен жұмыс берушілердің саяси-экономикалық қайта құрулары мен бірқалыпты дағдарыстардың теріс әсерін азайтуда облыстық, аудандық әкімдіктер жанындағы ұшжақты комиссиялар басты рөл атқарады. Ол атқарушы биліктің консультативтік-кеңесші органы болып табылады.

Жыл басында өткен әлеуметтік әріптестік пен және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі облыстық ұшжақты комиссияның отырысында берілген тапсырмаға сәйкес, ҚР Еңбек кодексінің негізінде тоқсан сайын облыс әкімдігінің еңбек инспекциясы басқармасы 100 ірі және орта кәсіпорындарындағы еңбек қатынастары, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жай-күйіне мониторинг жүргізуді жүзеге асыруда.

